

Созақ ауданы Таукент кенті әкімінің 2020 жылғы 10 ақпандағы "Көшелерге атау беру туралы" № 8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Түркістан облысы Созақ ауданы Таукент кенті әкімінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № 47 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 желтоқсанда № 5930 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халық пікірін ескере отырып және Түркістан облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қорытындысы негізінде және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26 бабына сәйкес, Таукент кентінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Созақ ауданы Таукент кенті әкімінің 2020 жылғы 10 ақпандағы № 8 "Көшелерге атау беру туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5425 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылдың 21 ақпанында электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімінің орыс тіліндегі 1 тармағына өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. "Созақ ауданының Таукент кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кент әкімі

М. Оспанов